

**Д.Төленов атындағы мектеп-гимназиясы бойынша  
Қамқоршылық кеңесі отырысының**

**Хаттамасы №3**

Махамбет ауылы

« 15 » мамыр 2023ж

**Қатысқандар:**

Ж.Отарғалиева - қамқоршылық кеңес төрағасы;  
А.Дүйсембаева - қамқоршылық кеңес мүшесі;  
Г.Утебалиева - қамқоршылық кеңес мүшесі;  
А.Уразалиева - қамқоршылық кеңес мүшесі;  
Ж.Аруева - қамқоршылық кеңес мүшесі;  
Б.Сүйеуова - қамқоршылық кеңес мүшесі;  
О.Джалмуханова - қамқоршылық кеңес мүшесі;  
Б.Себекбаева - хатшы  
Н.Балтабаева - мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;  
М.Тулешова - мектептің әлеуметтік педагогы;

**Күн тәртібінде:**

Д.Төленов атындағы мектеп-гимназиясынан Железноводск қаласындағы  
Геолог Казакстана емдеу-сауықтыру пансионатына екі кезеңге баратын 7  
оқушыны тізімдеу

1. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша Қамқоршылық кеңес төрайымы Ж.Отарғалиева Махамбет аудандық білім бөлімінің 3 мамыр 2023ж №850 санды хатына сәйкес 2023 жылдың жаз айларында Ресей Федерациясы, Железноводск қаласы, Иноземцово поселкесінде орналасқан «Қазақстан геологі» емдеу пансионатына Махамбет ауданы бойынша әлеуметтік осал топқа жататын балаларды 27.07 - 11.07 аралығына 6 оқушы және 25.07—09.08 аралығына 2 оқушыны тізімдеу мақсатында жиналып отырғанын айтты. Өр лагерь бойынша оқушы бөлінісі аудандық білім бөлімінен сандық көрсеткішпен келіп отыр. Соған сәйкес қамтылу болу керек. Бұл ақпаратпен мектеп әкімшілігі, ата-аналар және оқушыларға хабарламалар жеткізілгендігі туралы назарларыңызға беремін.

Н.Балтабаева: Бұл лагерлерге әлеуметтік осал топтағы оқушылар қамтылуы тиіс. Мектеп бойынша толық емес отбасынан – 11, аз қамтылған отбасынан – 96, көп балалы отбасынан– 142 оқушы бар. Соған сәйкес әлеуметтік осал топ оқушыларын ұсынамыз: М.Орынбай, Н.Дулатов, Т.Әміржан, Б.Дәуітқали, Б.Нәсіпқали, Е.Салимжанов – аз қамтылған отбасынан шыққан және көпбалалы отбасынан шыққан Б.Жасин және Ш.Әміржан. Мектеп бойынша жасақталған тізімге сәйкес мектеп әкімшілігі осы оқушылардың өз деңгейінде қатыстырылуын ұйымдастыруға сенім білдіреміз.